

## Қоғамдық жұмыстардың түрлерін және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесін айқындау туралы

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2025 жылғы 7 қарашадағы № 57/17 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің 914-1 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, Балқаш қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. "Балқаш қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қосымшада көрсетілген ұйымдар, кәсіпорындар басшыларына "Балқаш қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне қоғамдық жұмыстар түріндегі жазаны орындау бойынша жәрдем көрсетуі ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Балқаш қаласы әкімінің м.а.*

*Р.К. Сыздықов*

Балқаш қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы № 57/17 "7" қараша  
қаулысына 1 қосымша

## Қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесі

№	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Ұйымдардың тізімі
1	Аумақты абаттандыру; Аумақты жинау және тазалау; Белгілі бір біліктілікті талап етпейтін басқа да қоғамдық пайдалы жұмыстар	"Балқаш жылу" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2	Аумақты абаттандыру; Аумақты жинау және тазалау; Белгілі бір біліктілікті талап етпейтін басқа да қоғамдық пайдалы жұмыстар	"Балқаш Су" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
	Аумақты абаттандыру; Аумақты жинау және тазалау;	

3	Белгілі бір біліктілікті талап етпейтін басқа да қоғамдық пайдалы жұмыстар	"Балқашэнерго" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
4	Аумақты абаттандыру; Аумақты жинау және тазалау; Белгілі бір біліктілікті талап етпейтін басқа да қоғамдық пайдалы жұмыстар	"Балқаш универсал" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК